ТҰРҒЫНДАР ҮШІН

2023 жылғы 28 қарашадағы жағдай бойынша мемлекеттік органдардың ресми сайттарында және әлеуметтік желілерінде орналастыруға арналған ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі жөніндегі ақпарат

Құрметті Қостанай облысының тұрғындары! 2021 жылғы 1 шілдеден бастап елімізде *ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ (бұдан әрі – ӘРПК)* қолданысқа енгізілгенін хабарлаймыз.

ӘРПК **азаматтарға және заңды тұлғаларға** мемлекеттік органдармен (әкімшілік органдармен) дауларда көмек көрсетеді, сондай-ақ жоғары тұрған органға шағым берудің ерекше рәсімін көздейді *(ӘРПК-тің 91-бабының 4-тармағы).*

ӘРПК-тің 91-бабының 1-тармағына сәйкес «Шағымдану тәртібі»:

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда **азаматтар және заңды тұлғалар** әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) **шағым жасауға** құқылы.

ӘРПК-тің 91-бабының 4-тармағына сәйкес «Шағымдану тәртібі»:

Шағым әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі.

Әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам **шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.**

Бұл ретте әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, **егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.**

Азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтық ақпаратты Call-орталық *(Құқықтық ақпараттық қызмет*) **арқылы 119 нөмірі бойынша** (*бүкіл Қазақстан бойынша стационарлық телефондардан*), сондай-ақ «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің сайтындағы **«Виртуалды консультант» айдары** (http://adilet.zan.kz/rus) арқылы ала алады.

Сонымен қатар, ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Бағдарламалар кеңсесінің және Фридрих Эберт Қорының *(FES)* Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен Әділет министрлігінің қатысуымен *«ӘРПК күрделі туралы қарапайым сөздермен»* арнайы брошюра әзірленді.